



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК – ЖЕТІСТІК КЕПІЛІ

Жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінде ҚазҰУ-дың өзіндік орны бар. Соңғы төрт жыл ішінде осы бағытта айтарлықтай серпіліс жасаған университет тәжірибесі алыс-жақын шетелдік көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырғаны рас. Әлемнің үздік 300 университетімен иық тірестіре отырып, университет қарымды бәсекелестік кеңістігіне енді. ЖОО қызметін сараптайтын халықаралық агенттіктің биылғы көрсеткіштері осыны айқындап берді. Кешегі ректорат отырысында осындай ой тастаған ректор Ғалым Мутанұлы университет қызметінің қайта жаңарудан өтетінін айтты. Жиында ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы QS (Ұлыбритания) агенттігінің нұсқасы бойынша жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингісі тақырыбында сөз қозғап, ҚазҰУ-дың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын қарастырды.

ҚазҰУ жетістігінің кілтін іздеген шетелдік әріптестер университетті өзара тәжірибе алмасу алаңына үнемі шақыруда. Халықаралық деңгейдегі осынау жиындарға ҚазҰУ атынан қатысып, университет қызметін жан-жақты таныстырып жүрген Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы мәжілісте арнайы хабарлама жасады. QS (Ұлыбритания) агенттігінің нұсқасы бойынша жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингісі кеңінен талқыланған Прагада өткен жиыннан жуырда оралған Бірінші проректор бүгінгі таңда университетке деген көзқарастың өзгергенін жеткізді.

Жалғасы 2-бетте

НОВОСЕЛЬЕ В КАЗНУ

Начало учебного года КазНУ им. аль-Фараби ознаменовалось ярким событием – торжественным открытием Дома студентов для будущих журналистов.



В мероприятии приняли участие ректор КазНУ Г.Мутанов, ученый-публицист Ш.Елеуенов, деканы факультетов, преподаватели и студенты факультета журналистики, представители общественных и молодежных организаций университета.

Студенты стали счастливыми новоселами в девятиэтажном здании, располагающем более 260 местами. Уютные и комфортабельные комнаты оборудованы новой мебелью. К услугам студентов предоставлены комнаты отдыха, просторные актовые и читальные залы, компьютерные классы с доступом к сети интернет. На каждом этаже имеются благоустроенные бытовые комнаты.

Открывая мероприятие, ректор университета Галым Мутанов подчеркнул, что главная задача для руководства университета заключается в том, чтобы превратить городок в современный научно-образовательный центр, в котором будут предоставлены лучшие условия не только для учебы, но и для полноценного отдыха и досуга, духовного и физического развития студенческой молодежи.

Следует отметить, что в утвержденной ректором стратегии развития университета до 2020 года, приоритетными задачами являются завершение строительства второй очереди университета, благоустройство территории кампуса, создание

для студентов комфортных условий жизни и быта. Они отражены также в новом уникальном научно-инновационном проекте КазНУ «Al-Farabi university smart city», который предполагает создание университета нового поколения.

«В этих целях недавно в студенческом кампусе начал функционировать, не имеющий аналогов в Казахстане, центр обслуживания студентов «Керемет». Здесь по принципу «одного окна» студенты получают все необходимые им услуги. В ближайшем будущем ожидается открытие нового Дома молодых ученых КазНУ для магистрантов и докторантов повышенной комфортности на 500 мест. Также в текущем году начнет работать медицинский диагностический центр, который будет оказывать услуги по мировым стандартам качества», – отметил руководитель вуза.

Студенческий городок КазНУ, включающий в себя 15 общежитий, – это большой дом, объединяющий более 5 500 студентов из разных регионов страны, связанных стремлением постигать знания и покорять новые вершины. Внимание и забота о молодежи, проявляемые руководством университета, еще раз подтверждает стремление КазНУ – создавать максимально лучшие условия для подготовки высокопрофессиональных специалистов и духовно развитых личностей.

Соб.кorr.

СТУДЕНТТЕР КЛУБЫНА МҮШЕ БОЛУҒА АҒЫҒЫҢЫЗ!



Білім мен ғылымның алтын ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студенттерге шынайы өнер арқылы әсер ететін тәрбие ошақтарының бірі – Студенттер клубы. Студенттер клубы түрлі мәдени қажеттіліктерді қарастыру, студенттердің өзіндік шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында 1997 жылдың қыркүйек айында құрылған.

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

“ТІЛ – БІЛІМ, ТӘРБИЕ ТҰҒЫРЫ”



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ВНЕСТИ ЛЕПТУ В ЭКОНОМИКУ СТРАНЫ



3-бет

БҮГІНГІ САНДА:

SMART UNIVERSITY



4-бет

«Тіл – білім, тәрбие тұғыры»

Тіл – әрбір ұлттың заңы, сезімнің, ойдың жанды бейнесі. Қазақ халқы – сөзге шешен, ойға ұшқыр, мақалдап сөйлейді. Кез-келген дауды атақты билеріміз бір ауыз сөзбен шеше білген. Сондықтан да Тіл мерекесі – еліміз үшін маңызды мерекелердің бірі. Осы орайда ана тіліміздің мәртебесін асқақтату мақсатында университетімізде өтетін жыл сайынғы дәстүрлі «Тілдер» фестивалінің апталығы Тілдер күні филология әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Тіл – білім, тәрбие тұғыры» атты жыр мүшәйрасымен ашылды.



22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының Тілдер күні. Еліміз егемендігін алғалы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған ана тіліміз бүгінде қанатын кеңге жайып келеді. Оған Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың елімізде жүргізіп отырған тіл саясаты игі ықпалын тигізуде.

Мерекені ашқан факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлы осылай деді. Жыр мүшәйраның алғашқы қорытынды кезеңі 20 қыркүйек күні өткен болатын. Оған отыз шақты өлең қабылданып, соның ішінен 12-сі іріктеуден өтіп, осы шараға қатысып отыр. Бұл күні туған тілін шабыттана

жырға қосқан ақындардың көздері жалын атып, жүздері бал-бұл жанды. Жырлары жүрек тебірентті. Қазақ тілінің кешегісін зарлай айтып, бүгінгіге шүкірлік ете отырып, ертеңіне зор үмітпен қараған ақындардың жырлары көпшілікке ой салды. Сонымен қатар әуелеген патриоттық ән, күмбірлей төгілген күй мен ұлттық би жүрек қылың тербеп, жігер берді. Ақындар жырларына факультеттің белді ұстаздары Берікбай Сағындықұлы, Салтанат Иманқұлова және жас ақын Башар Тұрсынбек төрелік етті. Қазылар алқасы жас ақындардың талабын жоғары бағалап, «Еңбеккер ақын», «Лирик ақын», «Тіл жанашыры», «Отансүйгіш ақын», «Ұшқыр ақын», «Ойшыл ақын», «Жас ақын», «Көрермендер көзайымы» аталымдарын ұсынды. Ал III дәрежелі дипломды Айдын Тіллабек мен Бауыржан Майтай өзара бөліссе, II дәрежелі дипломға Аяулым Тойбазар мен Саягүл Бірлесбек ие болды. I дәрежелі диплом кесек сөздері, терең астарлы жырымен ерекшеленген Үмітхан Қонысбекқызының еншісіне бұйырды. Женімпаздарға мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Жас ақындардың шабыты мен өрелі ойлары сайысқа түскен шараның әрбір жастың жүрегіндегі Отанға, ұлтқа, тілге деген сезімді нықтай түскені анық. «Тілге құрмет – елге құрмет» деген қағидамен алдағы уақытта да мемлекеттік тіліміздің көркейіп, кең етек жаюы үшін және мәртебесі мен мерейін арттыру мақсатында осындай іс-шараларды өткізу университетімізде дәстүрге айналған.

Әлия ТҰРМАХАНБЕТОВА,
Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

Актуализируя вопросы энергетики

В КазНУ состоялась XIII международная конференция «Фундаментальные проблемы преобразования энергии в литиевых электрохимических системах».

Организаторами мероприятия стали Институт физической химии и электрохимии им. А.Н. Фрумкина Российской Академии Наук, Центр физико-химических методов исследования и анализа, кафедра аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов факультета химии и химической технологии КазНУ при поддержке Института высоких технологий АО НАК «Казатомпром» и ТОО «Astana Solar».

На конференции приняли участие около 100 участников из Казахстана, России, Франции и Японии. Тематика представленных докладов была довольно широкой и затрагивала вопросы всех основных проблем разработки литиевых источников тока как теоретического, так и практического плана. Сегодня их роль возрастает практически во всех областях энергетического обеспечения. В этом направлении в КазНУ ведутся работы по разработке макета литиевой батареи на основе отечественного сырья.

История конференции берет свое начало с 1990 года, когда в г. Новочеркасск прошло I Всесоюзное совещание «Литиевые источники тока». С тех пор было проведено 11 конференций по данной тематике в разных городах, куда съезжались ученые из стран СНГ для обсуждения проблем литиевых источников тока. XII Конференция прошла в г. Краснодар (Россия).

Х.С.ТАСИБЕКОВ,
зав. каф. аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов, к.х.н., асоц. профессор

РЕКТОРАТ Жалғасы. Басы 1-бетте

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК – ЖЕТІСТІК КЕПШІ

«Заманауи зерттеу университетіне айналу бағытындағы ҚазҰУ қабылдаған бағдарлама жаңа серпін берді. Бағдарымыз – айқын, мүмкіншілігіміз зор. Нәтижеге бағытталған жүйелі бағдарламыз да бар», – деген ол оқытушы-профессорлар қауымына заман сұранысына сай тәсілдерді меңгеру қажеттігін атап өтті. Әлемдік үздік университеттердің жарқын мысалдарын алға тартты. Сонымен QS агенттігінің биылғы нәтижесі бойынша алға шыққан топ-10 әлемдік университет: Массачусетс технологиялық институты, Кембридж университеті, Лондон Импер колледжі, Гарвард университеті, Оксфорд университеті, Лондон университеттік колледжі, Стэнфорд университеті, Калифорния технологиялық институты, Пристон университеті, Йель университеті болса, ТМД бойынша үздік үштік: Ломоносов атындағы ММУ, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. «Рейтинг бойынша үздік деп табылған әлем университеттеріне тән басты ерекшеліктер: академиялық абырой, жұмысберушілер бағасы және жеке ғылым салалары, оның ішінде нақты ғылымдар бойынша көрсеткіштері аса жоғары», – деді ол.

Мұхамбетқали Бүркітбаевтың айтуынша, академиялық абыройды анықтау үшін университет қызметі ғылымның 5 саласы бойынша бағаланады. Олар: гуманитарлық, әлеуметтік және нақты ғылымдар, инженерия мен технология, өмір және медицина туралы ғылым. Рейтинг қорытындысының 40%-ы академиялық абырой көрсеткішіне тәуелді болса, жұмысберушілер бағасы – 10%, оқытушыларға шаққандағы студенттер саны – 20%, шетелдік оқытушылардың

болуы – 5%, шетелдік студенттердің болуы – 5%, дәйексөз келтіру – 20%-ды құрайды. Демек, аталған бағаналар көрсеткіштерінің қосылуы нәтижесінде университеттің әлемдік рейтингіндегі орны айқындалады. Осы ретте Бірінші проректор қазақстандық ЖОО-лардың биылғы жетістіктеріне тоқталды. Бұл жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 305, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ – 324, Қ.И. Сәтпаев ҚазҰТУ – 601-650, Абай атындағы ҚазҰПУ – 651-700, ҚБТУ – 651-700, М. Әуезов атындағы ОҚМУ – 651-700 орындардан көрінді. Сондай-ақ хабарлама иесі инновациялық білім беру, инновациялық ғылыми орта, бәсекеге қабілеттілік ұстанымдарын берік ұстаған, ұжымдық мәдениеті жоғары Қазақ ұлттық университетінің биік белестерді бағындырып келе жатқанын тілге тиек етті. Үздік 800 университет қатарына ағымдағы жылы 30 жана университеттің енгенін ескерсек, биылғы көрсеткіш осыны тағы да дәлелдей түсті. Сондай-ақ Мұхамбетқали Мырзабайұлы академиялық абыройды нығайтудың, жұмыс берушілер бағасын жақсартудың, шетелдік оқытушы мен студент тартудың жолдарын ұсынды. Ғылыми жарияланымдар мен дәйексөз келтіруді көбейтудің және жұмысты импакт факторы жоғары журналдарға бағыттаудың, яғни саннан сапаға көшудің және мәліметтер базасымен жұмыс істеу сауаттылығын қалыптастырудың аса маңыздылығын атап өтті.

«Біз зерттеу университетіне айналу бағытында үлкен серпіліс жасадық. Осы үрдісті жалғастыруымыз керек. Әлемнің үздік университеттері мемлекеттік қолдау, көп жылдық қалыптасқан дәстүр мен ғылым, инновация саласындағы белсенді қызмет

арқасында алға шығуда. Біздің де мақсат осы. Сондықтан биыл индикативті жоспар қайта қаралып, оған орындалуы тиіс жана міндеттер мен талаптар қосылып отыр», – деді университет басшысы. Сонымен қатар мәжіліс барысында ҚазҰУ проректорлары университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары туралы өз ойларын ортаға салды.

Дархан АХМЕД-ЗАКИ,
Проректор по учебной работе:

– Для повышения академической репутации по продвижению КазНУ в рейтинге QS WUR необходимо осуществление следующих задач: реализация программ международной академической мобильности научно-педагогических работников в форме стажировок, повышения квалификации, профессиональной переподготовки; мер по совершенствованию деятельности магистратуры и докторантуры, привлечению студентов из иностранных университетов для обучения в КазНУ; внедрение в университете новых образовательных программ совместно с ведущими иностранными и российскими университетами и научными организациями; завершение процедур аккредитации; модернизация политики HR в университете; развитие системы повышения квалификации ППС; разработка механизмов итоговой аттестации выпускников, их сертификация и развитие форм сотрудничества с зарубежными издательствами по выпуску учебно-методической литературы.

Тілекабыл РАМАЗАНОВ,
Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор:

– Импакт-факторы жоғары журналдардың өзіндік стилі және талаптары бар екені белгілі. Оларға материал ұсыну үшін ең алдымен оқу және меңгеру маңызды. Бұл ретте әр оқытушының ізденуі шарт. Сондықтан да біз көрсеткіштерді жақсарту мақсатында биыл индикативті жоспар бойынша жана талаптар қойып отырмыз. Енді олар Scopus немесе Thomson мәліметтер базасына енетін журналдарда материал жариялауы тиіс.

Шолпан ЖАМАНБАЛАЕВА,
Әлеуметтік даму жөніндегі проректор:

– Әлемдік рейтингтегі ҚазҰУ ұстанымын жана денгейге шығару үшін түлектермен, жұмыс берушілермен байланысты нығайтуымыз керек. Аса ірі және орта компанияларда біздің көптеген түлектеріміз еңбек етуде. Осы бағытта мәліметтер базасын қайта жасауды ұсынамын.

Сондай-ақ университет беделін көтеруде жарияланымдар санын көбейту маңызды десек, бұл жұмыста студенттердің, оның ішінде шетелдік тәлімгерлердің, шетелге шыққан оқытушылар мен білімгерлеріміздің, шетелдік оқытушылардың және жұмыс берушілердің мүмкіншіліктерін тиімді пайдалана білуіміз керек.

Әйгерім ӘУЕЗХАН



ВНЕСТИ ЛЕПТУ В ЭКОНОМИКУ СТРАНЫ

В своем Послании Глава государства поставил перед правительством задачу «обеспечить перевод агропромышленного комплекса на инновационные рельсы». Высокие темпы роста мирового народонаселения обостряют продовольственную проблему. Казахстан обладает экологически чистыми территориями и может производить экологически чистые продукты.

Реализация научных исследований в области продовольственной безопасности обеспечит развитие аграрной науки и позволит разрабатывать новые засухоустойчивые культуры. В связи с этим группа ученых НИИ проблем экологии КазНУ под руководством профессора С.С. Кенжебаевой при технической поддержке МАГАТЭ успешно работает над созданием мутантных линий пшеницы и других зерновых культур.

Согласно оценке экспертов МАГАТЭ можно с уверенностью констатировать, что группа ученых НИИ проблем экологии добилась ощутимых успехов в реализации международного проекта «Создание на основе мутационной селекции новых продуктивных доноров-линий яровой пшеницы с повышенным содержанием белка, микронутриентов (цинка и железа) в зерне».

В рамках международного проекта МАГАТЭ НИИ проблем экологии регулярно проводит научные

семинары с участием отечественных ученых и зарубежных экспертов. Так, в 2014 году в стенах университета был организован круглый стол на тему «Молекулярные маркеры и их использование для улучшения зерновых культур». Выступившая на нем эксперт МАГАТЭ профессор Университета Мугла (Турция) д-р Госмен Белгин высоко оценила достижения казахстанских ученых, которые в своей работе широко используют весь спектр ядерных и биотехнологических методик, а также новые молекулярные технологии для повышения эффективности селекции зерновых культур.

В ходе встречи также обсуждались предстоящие исследования над улучшением генетической структуры зерен пшеницы, а также научные результаты казахстанских партнеров, таких как Казахский институт земледелия им. Бараева п. Шортанды, Актюбинская сельскохозяйственная опытная станция и Институт растениеводства и земледелия п.



Алмалыбак.

Создание на основе сортов яровой пшеницы «Женис», «Алмакен» и «Эритроспермум-35», районированных в Казахстане и их последующее распространение вносят существенный вклад в улучшение качества сельскохозяйственных культур и сбалансированного рациона питания людей.

В настоящее время отечественная наука выполняет возложенную

на нее благородную миссию помощи экономике Казахстана, а сотрудничество с МАГАТЭ является важным механизмом расширения использования ядерных технологий в достижении социально-экономического эффекта и решении приоритетных задач республики по обеспечению устойчивого развития.

А.А. СКАКОВА,
директор НИИ проблем экологии

Intel компаниясының қатысуымен өткен ғылыми семинар-тренинг



В қыркүйекте бүкіл әлемге танымал Intel компаниясының қатысуымен ҚазҰУ-дың механика-математика факультеті KazNU-INTEL жоғары өнімді есептеулер орталығында ғылыми семинар-тренинг өтті.

Шара 2014 жылдың 26 мамырында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғ.М. Мұтанов пен Intel корпорациясының Ресей және ТМД бойынша кәсіпкерлікті дамыту жайлы департаменті директоры А.В. Авдеев арасында іскерлік туралы қол қойылған келісімшарт аясында жүзеге асып отыр. Аталмыш семинар Intel корпорациясының бас техникалық инженері Кирилл Рогожиннің қатысуымен өтті. Intel корпорациясы мамандарының қатысуымен ашық дәрістер, семинарлар өткізу – университеттің механика-математика факультеті мен Математика және механика ғылыми зерттеу институтының ұсынысы бойынша ашылған KazNU-INTEL орталығының негізгі мақсатының бірі. Оған өзге ЖОО-лардың ғылыми қызметкерлері, параллельді есептеулер бойынша оқытушылары,

докторанттар, магистранттар белсенді қатысты. Семинарда мамандардың аса қызығушылығын арттыратын Intel Parallel Studio өніміне шолу; Intel параллельді кітапханасы; TBB; OpenMP; Cilk Plus; Векторризациялау; SIMD тиімді пайдалану нұсқауы; Intel Inspector XE бойынша параллельді программалар; жадының азаюы, ақпаратты жүргізу, ағындарды өзара шектеу; Intel® Xeon Phi программалауы және т.б. тақырыптар қарастырылды.

Университетте заманауи білім беру технологияларын даярлап, дамытуда және жас мамандардың біліктілігін арттыруда бұл іскерлік келісімнің атқарар рөлі зор болмақ.

С.Д. МАУСЫМБЕКОВА,
математикалық және компьютерлік моделдеу кафедрасы менгерушісінің орынбасары

Эксперименталды және теориялық физика ғылыми зерттеу институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қолдауымен, 31 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында Алматы қаласының «Алатау» шипажайында «Криокристаллдар және квантты кристаллдар» СС-2014 атты X халықаралық конференция өтті. Екі жылда бір ұйымдастырылатын шарада дүниежүзінің бар аймақтарынан келген жас ғалымдар, білікті мамандар әрі атақты ғалымдар өздерінің осы саладағы тәжірибесімен бөлісуге жиналады.

ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕРГЕ БІР ҚАДАМ

Биыл шетелден келген ғалымдарды Алматы қаласының «Алатау» шипажайы қарсы алды. Конференцияда жылуфизика және техникалық физика кафедрасының 4-курс студенті Жанатай Нүрекеев пен 1-курс магистранты Александра Тимченко университет атынан баяндама жасады. Ал осы кафедраның профессоры әрі конференция ұйымдастырушысы Андрей Степанович Дробышев жас ізденуші ұрпақпен өзінің төменгі температуралар саласындағы тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ кафедра доценті Абдурахман Алдияровтың постерлер саласы бойынша болған жарыста төрелік етіп, өз пікірін ортаға салды.

Қызу да тартысты өткен бұл білім әрі тәжірибе алмасу конференциясы біз үшін үлкен жетістікпен аяқталды. Себебі постерлер саласында көзге түскен криофизика және криотехнологиялар лабораториясының кіші ғылыми қызметкері Әлия Тыченулова ғылыми жұмысы бойынша шетел азаматтарын қызықтырып, оқуға әрі серіктес болуға шақырту алды. Сонымен қатар



аталмыш лабораторияның барлық студенттері мен магистранттары өздеріне шетелдік жетекшілерін таңдап, тілдесіп, жарқын болашаққа есіктерін кеңінен ашуға бір қадам жақындай түсті.

Айгерім КУБЕТАЕВА,
криофизика және криотехнологиялар зертханасының ғылыми қызметкері

В КазНУ состоялась научный семинар-тренинг в рамках совместного сотрудничества между университет и компанией «INTEL»

UNIVERSITY IS AS GOOD AS ITS GRADUATES

TO MY TEACHERS OF ENGLISH WITH LOVE!

Many years ago, in 1993, as a student at physics department, now it is physics and technology, al-Farabi Kazakh National University, I've had a chance to be in the program with extended hours of learning foreign languages. The language of my choice was English, though several other options like French and German were available.

At that time, only one of the five students was accepted to this program depending on the results of written and oral examination as well as his school grades.

It was a valuable and, I should say, very pleasant experience. The English lessons were

fun and entertaining at the same time providing sound knowledge in grammar, speaking and reading skills.

The English language had been taught by the teachers of foreign languages department for natural sciences. The topics covered during the course of studies were the basics of reading, speaking and oral presentation skills as well as professional writing and other advanced skills.

All the teachers, Gumarova Sholpan Belashevna, Strautman Lidiya Evgenyevna Madieva Zliha Kussainov and others are highly qualified professionals in the sphere of teaching a foreign language, they are really helpful, friendly and very supportive. They regularly improve their teaching skills by taking part in all sorts of trainings and seminars, participating in the international conferences and traveling abroad a lot. Native speakers, students and professionals from all areas of expertise and background were invited to participate in the teaching process in our classes.

Later, the knowledge and skills in the English language I've acquired at al-Farabi University, had helped me to smoothly integrate into the teaching and learning environment of the best American university and get my PhD degree.

All kind of additional teaching materials are prepared on the daily basis under the supervision of this department's staff members for the purpose of teaching not only physics and English language but for all other classes at

our physics and technology department.

Multiple times the invaluable help came to me from my English language teachers in preparation of admission paperwork, recommendation letters and grades transcripts.

Now, I'm a senior lecturer myself. The knowledge, the attitude and interest in the study of different languages are the best things acquired from the teachers of this department.

It is a privilege to write these few words of compliment to the good teachers, friends and colleges! A university is as good as its teachers!

Arman Kussainov,
PhD seniorlecturer,
physics and technology department,
al-Farabi Kazakh National University

SMART UNIVERSITY

In the Strategy "Kazakhstan-2050" the President of our country Nursultan Nazarbayev set the main goal of development – to create a welfare society on the basis of a strong state with a knowledge-based economy.



Doszhan photography

Understanding its key role in the process of realization of "Kazakhstan-2050" strategy Al-Farabi university has launched a new innovation project "al-Farabi University – Smart City, which will be the main principle of its development till 2020. The new vision of the university was presented by our rector Galym Mutanov.

The new model of the university development "Al-Farabi University – Smart City" is based on the teaching of the great thinker Al-Farabi about an ideal city. In his treatises "A Treatise on the views of the virtuous city," "About the pursuit of happiness," "Paths to Happiness," "About war and peace," "On virtuous morals" Al-Farabi described a fair and humanistic society, which he called a virtuous city with universal spiritual values and cooperation in

seeking a better life. Such cities were the places where all people achieved true happiness by learning and working, where goodness and justice won a victory over injustice and evil.

Here we can see a parallel with the university life. In the XXI century the university life is defined not only by the presence of infrastructure, financial and material resources but also by a high level of spiritual and moral development.

KazNU is at the threshold of the development that the world usually denotes by the term "smart". The project "al-Farabi University – Smart City" means a new quality of social, economic, scientific and cultural university life. "Smart" universities are a key to the creation of an intellectual nation, to

improvement of the quality of human capital of the country.

KazNU community is ready to successfully implement the project and transform into a "smart" university. Al-Farabi university constantly proves its competitiveness with the leading institutions of higher education of the world. The project involves creation of a new generation of high school, based on the synergy of technological, spiritual and moral concepts, will demonstrate new approaches to the solution of scientific, educational and social problems. Smart-universities are the basis for Smart-cities in our country, which will eventually create Smart-Kazakhstan.

Prepared by L. Strautman

"Brighten the corner where you are"

The project "Brighten the corner where you are" is being implemented at al-Farabi university during the past three years and has won popularity among university teachers and students.

The founder of this movement was Young-Sil Kim the honorary president of Anyang University in Korea. His aim in launching this movement was to find a practical principle for building a society where all citizens can live a peaceful and happy life. He found the basic motto of "Brighten the corner where you are" movement in a Chinese book entitled Sega, the 46th volume of Sagi(history): "Those who do their best and get best fruits of their labour are the very people to be highly valued in every society."

The spirit of "Brighten the corner where you are" consists of a philosophy of responsibility for what we do every day of our life, a philosophy of harmony that the whole society reaches peace and happiness as each member of a society does his/her work properly in his best capacity and thus brightening the corner where he/she is.

To make the idea of "Brighten the corner where you are" more understandable let's decipher the meanings of words:

The word "Corner" means the space, the place and the area where people live and work. "Corner" also stands for one's own duty, responsibility that is to be fulfilled in one's life.

The word "Brighten" has a behavioral connotation. Our behavior should be noble, righteous and

fair everyday of our life. Throughout his life man should do his best to realize his potential, his talent to reach the highest outcome.

"Brighten the corner where you are" spirit proclaims the idea of uniqueness of man, of "I". "I" is the only being that cannot be compared with anyone and cannot be replaced by anyone. To become a true human being one must know who he is, his identity. That person can then understand the importance of his family, and ancestors, and younger generations. "I" am a son, daughter, father, mother, husband, wife of somebody and "I" cannot exist without my ancestors and my children cannot exist without me. When each of us understands this we understand the values of our parents, ancestors, children and the life we are living.

One of very valuable points of "Brighten the corner where you are" philosophy is that we find here the answer to the eternal questions we worry about "Why do I live?", "What is happiness?"

Each one of us has his own goals of life and takes efforts to accomplish those goals. We live and work in order to achieve happiness. A desire to be happy is a basic law of life.

Happiness is the peaceful state that results from pursuing and maintaining a harmonious relation-

ship with ourselves as well as other people. For the purpose of attaining happiness in a society, everyone should live together in harmony. In order to achieve harmony, we need to do our own duties, missions, and tasks in any given position. In other words, harmony is accomplished when we clearly recognize our own corners, and do our best in lighting our own corners and seeking the highest and brightest outcome.

So the spirit "Brighten the corner where you are" stands for the idea of doing the best for the benefit of obtaining the brightest and cleanest outcome. When each person of the nation does light his own corner, he and his family enjoy happiness, and ultimately the entire world can enjoy freedom, peace, and happiness. By practicing the "Brighten the Corner where you are" spirit, we can build a beautiful world of harmony. The movement "Brightening the Corner where you are" is a way through which all of us can reach happiness and self-innovation.



Prepared by A. MULDAGALIYEVA

Сұлтан САРТАЕВ,

заң ғылымдарының докторы, профессор,

ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері

УАҚЫТ

ұстап тұрар дүние емес,
бірақ орынды пайдалана білсең,
таусылмас қазына



Бүгінгі мына жаһандану заманында көп затты білу керек. Біріншіден, оның тиімділігі біз көп оқиғалардың мәнін түсіне бастайтын боламыз. Бірақ, жаһандану аз халықтардың, кішкентай этностардың мәдениетін, тарихын жоғалтып алу заманына да алып баруы мүмкін. Міне, сондықтан әр азамат еш уақытта өз ұлтының жақсы қасиеттерін жоғалтып алмауға, өзінің тарихын ұмытпауға, мәдениетін сақтауға тырысуы керек. Олай болмайынша, біз жаһандану заманында көп жаңалықты үйренгенмен, көптеген құндылықтарымыздан айырылып та қалуымыз мүмкін. Сондықтан, мен жастарға айтқан болар едім, дүниеде оралмайтын төрт нәрсе бар. Олар — уақыт, мүмкіндік, айтылған сөз бен атылған оқ.

Оралмайтын төрт нәрсенің бірі — мүмкіндік. Мүмкіндік деген әр адамның күнделікті өмірінде бола бермейді. Кейде күн сайын да шығып қалар, кейде бір жылдан соң, он жылдан соң түседі ме, оны табиғаттың өзі ұштастырып алып келеді. Сондықтан, мүмкіндік болып қалған кезде, оны жіберіп алмай, ең алдымен, халықтың игілігі үшін, отбасынның пайдасы үшін қолдану керек. Сондықтан, қызмет бабында болсын, күнделікті жұмыста, өмірде болсын, осы оралмайтын төрт нәрсенің бірі — мүмкіндікті бағалай біліңіздер. Келесі маңызды нәрсе — айтылған сөз. Әрбір сөйлеген сөзіңізді зерделеп

отырыңыз, ойланып отырыңыз, ойланып айтыңыз! Өйткені, айтылған сөзді Сіз қайтарып ала алмайсыз. Сондықтан, айтылған сөздің мәні, оның көркемдігі, жағымдылығы әр уақытта есіңізде болуы керек. Сонда ғана сіздің айтқан сөзіңіз елдің есінде қалады. Ал олай болса айтылған жақсы сөз елден елге тарайды.

Тағы бір қайтпайтын нәрсе — атылған оқ. Оқ деп мен бұл жерде кейде ойланбай айтылған оқыс сөздерді де айтып отырмын. Тек мылтықтың оғы емес, сөздердің ішінде де оқ бар. Кейде ойланбастан айтып, Сіз біреудің көңіліне тиіп қаласыз, біреуді ренжітіп аласыз. Сондықтан, сол жайт болмас үшін, айтылған сөзіңізді әр уақытта зерделеп, ойланып барып айтыңыз! Сонда ғана, Сіз ел арасындағы құрметті, белгілі, зерделі ой айтатын азаматтардың қатарына қосыласыз, жастардың көңілінен шыға аласыз. Кейде сөздің өзі атылған оқтан да күшті болады. Сондықтан, бір кісіні талдап отырсаңыз, сол кісінің көңіліне орынсыз тимейтін сөзді айтуыңыз керек. Ол сөз сол адамның көкірегінде сақталып қалады. Он жерден осы сөзіңізді қайтып алдым дегенмен, ол қайтпайды. Ал атылған оққа мысалы ретінде айтатын болсақ, сіз аңшы болсаңыз да, жоқ болмаса жай тирге барсаңыз да көздеген затыңызды дұрыстап көздеп атпасаңыз, ол оқты қайтарып ала алмайсыз ғой. Бұл жағы сіздерге әбден түсінікті деп ойлаймын.

Оралмайтын төрт нәрсенің тағы бірі — уақыт. Уақытты босқа өткізу арқылы Сіз көп затты жоғалтасыз. Уақытты жоғалту — өмірдің құнын білмеумен тең. Уақытты өміріңіздегі ең бір қымбатты, ең бір сәтті зат ретінде қабылдап, соның барлық мүмкіншіліктерін пайдалану керек. Уақыт — ұстап тұрар дүние емес, бірақ орынды пайдалана білсең, таусылмас қазына. Уақыт бізге бағынбай өзінің заңдылықтарымен жүріп отырады. Сондықтан, әрбір күнді әрбір азамат, әсіресе, жастар оны болжамдап қоюы керек. «Ертең мен не істеуім керек?», «Не оқуым керек?» дегендей. Сөздің шындығына келсек, қазіргі жастардың көбісі ешқандай да кітап оқымайды. Менің бүгінгі табысқа, жетістікке жетуім, сауатты азаматтар қатарында болуыма көптеген әдеби кітаптарды оқуым зор ықпал етті дер едім. Мен өзім қазақ мектебінде оқыдым, орысшаны кейін оқуға келген соң менгердім. Алғашында бірін түсінсем, бірін түсінбейтінмін. Ол кезде дәріс ылғи орысша жүретін. Сондықтан, мен орысша әдебиеттерді оқуға тырыстым. Қазіргі Төле би мен Ленин көшелерінің бұрышында бұрын көпшілік кітапханасы болатын. Күнде сабақ біте салысымен, талонменен тамағымызды ішіп, кітапханаға тура тартып отыратынбыз. Студент кезімізде алатын 500 гр нанымызды үшке бөліп, таңертең бір бөлігін, түске таман келіп бір бөлігін жейміз

де, үшінші бөлігін кітапханаға алып кететінбіз. Кітапхана сол кезде түнгі 12.00-ге дейін жұмыс жасайтын. Біз сол сағат 12.00-ге дейін кітап оқитынбыз. Орыс әдебиетін оқуды осында оқуға келгеннен кейін ғана бастадым. Егер оны оқымасам, оны түсінбесек, біздің бүгінгі күні сауатты азаматтар қатарына қосылуымыз өте қиын болар еді. Ол кезде орысшаны білмесен, әрі қарай өмір сүруінде қиын болатын. Ал, енді бүгін, міне, тәуелсіз ел болдық. Алайда білім көкжиегін кеңейту, білімінді тереңдету үшін өзге тілді білу қажет. Орыс тілінде қаншама жақсы әдеби, ғылыми кітаптар бар. Сондықтан, орыс тілін, ағылшын тілін білу бүгінгі күннің талабы. Онсыз сенің ой өрісің аса өркендемейді, тұрған жерінде тұрып қаласың. Адам қанша өмір сүрсе, соншалықты оқу керек. Мысалы мен, міне, тоқсанға кетіп бара жатырмын, осы кезге дейін кітапханаға барам. Бірақ мен біздің студенттерді жиі көрмеймін. Кітапханаға баратын жастар аз. Ал кітапханада барлық жағдай бар, ол жерде оқуға шамаң келмесе, көшірмесін жасап алып, жатақханада, үйде отырып оқуға болады. Сондықтан, жастарға айтатыным, кітапханадан еш уақытта қол үзбеңдер! Сана сезімдерің өссін, өркендесін десендер, кеңісін десендер, елге тірек болатын азамат болып өсемін десендер, сендерге оқу керек, оқу керек, оқу керек! Тек қана оқымай, оны көңілге тоқу керек.
Жазып алған **Айзада ЖОЛДАСОВА**

ЖАҢА ФАКТІЛЕРГЕ БАЙ ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Профессор Қ.Т. Жұмағұловтың жетекшілігімен жазылған «Орта ғасырлар тарихы» атты оқу құралының «Қазақ университеті» баспасынан жарық көруі студенттер үшін өте қуанышты жағдай болғаны даусыз. Себебі орта ғасырлар тарихына арналған қазақ тіліндегі оқулық пен оқу құралдары өте аз. Ал «Орта ғасырлар тарихы» тарих, археология және этнология факультетінде базалық курстардың негізгі пәні болып табылады.

Орта ғасырлар тарихы мен біздің заманымыздың аралығын ұзақ уақыт бөліп жатыр. Орта ғасырларда Еуропаның, Еуразияның халықтары, қалалар мен мемлекеттер пайда болып, ұлттық тіл, мәдениет және ұлттық мінез қалыптасты. Орта ғасырлардан алынған әлеуметтік және саяси тәжірибе қазіргі парламенттің, Батыс Еуропалық демократиялық және құқықтық қоғамның негізін қалады. Орта ғасырлар кезеңінде негізі қаланған әдебиет пен өнердің жоғарғы үлгілері мен философиялық, саяси, тарихи ой-пікірлер — еуропалық мәдениет пен қазіргі қоғамның рухани өмірін әлі де сусындатып отыр. Уақыт арасындағы «тірі» байланыс, орта ғасырлар тарихына тек ғылыми қызығушылықты туындатып қана қоймай,

өткеннен қазіргі өмірдің мәселелерін іздеуге мүмкіндік береді, тарихты бүгінгі күнмен байланыстырады. Осы жағдай медиовистиканы тарихи білім саласының қызықты ғана емес, өзекті аймағына айналдырып отыр. Орта ғасырлар тарихы бір сөзбен айтқанда, әлем тарихы мен өркениетінің ең күрделі кезеңі болып шығады.

Оқу құралының мазмұнында, хронологиясында бірқатар жаңа өзгерістер жасалған. Бұған профессор Қ.Т. Жұмағұловтың көп жылдық ізденістері мен шетелдік мұрағаттардағы жұмысының нәтижесінде қол жеткізілгенін айтуға тиіспіз. Мысалы, Ресей медиовистері Батыс Еуропаның орта ғасырлар кезеңінің хронологиясын V ғасырдың соңынан бастайды. Ал профессор Қ.Т. Жұмағұлов IV

ғасырдың екінші жартысындағы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болған түркі-ғұндар қозғалысын ескеріп, қазақстандық жалпы тарих ғылымында бұл күрделі оқиғаны орта ғасырлар тарихы мен өркениетінің бастамасы ретінде дәлелді түрде қарастырады.

Себебі, IV-V ғасырларда Еуропадағы ғұндар тарихынан Еуразия тарихы жасалды. Шайқастар және үстін-үстін болып отырған көшіп-қонулармен бірге, ол Шығыс пен Батыстың әр қырлы әрекеттесулерінің, дәстүрлері мен мәдениеттері синтезінің үлесі де болды.

Оқу құралында орын алған келесі жаңалық — қазіргі әлемнің қалыптасу негізіндегі орта ғасырлардың іргелі орнын көрсетуге мүмкіндік беретін, түркі халықтарының арғы тегі ғұндар тарихына тақырып арналған. Бұрынғырақ жазылған орта ғасырлар тарихында ғұн тарихы айтарлықтай жеке көтерілмейтін еді.

Сонымен қатар, профессордың ғылыми ізденісі бойынша іс-сапарда болған Германия мұрағаттары, Италия, Франция мұрағаттарынан алынған латын, көне грек, герман тілдеріндегі деректер де оқу құралының ақпараттық қорын толықтыра түскен. Осының нәтижесінде


халықтардың тарихи орналасу территориясы, мемлекеттердің шекарасы, тарихи оқиғалардың орны мен маңыздылығы, тарихи тұлғалардың үлесі оқу құралында қызықты әрі түсінікті тілмен көрініс алып отыр. Оқу құралы жана фактілерге бай, орта ғасырлар әлемінің материалдық және рухани әлемінен студенттерге қызықты көрініс ашады. Методикалық ақпаратында өз білімін тексеруге мүмкіндік беретін сұрақтар, тест тапсырмалары орын алған.

Еуропаның орта ғасырлар тарихына арналған оқу құралы оқытудың кредиттік технологиясы негізінде білім беру жүйесінің типтік бағдарламасына сай. Сондай-ақ еңбектің жоғары оқу орындарындағы тарих, археология және этнология, халықаралық қатынастар, философия және саясаттану факультеттерінің студенттері, магистранттары мен докторанттарына және жалпы осы мәселе төңірегінде қызығушылық білдіретіндердің сұранысына жауап беретіні сөзсіз.

С.М. МАШИМБАЕВ,
т.ғ.д., дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры

В рамках «Недели языков» в КазНУ прошла встреча с представителями международного общества «Қазақ тілі»

ШЫНДЫҚТЫ ШЫНАЙЫ БЕЙНЕЛЕГЕН ТУЫНДЫ



ҚазҰУ студенті
оқуға міндетті
100 әдеби
шығарманың тізімі

1. Мұхтар Әуезов «Абай жолы»
2. Абай «Қара сөздері»
3. Абай Шығармалар жинағы
4. Л.М. Толстой «Война и мир»
5. Илья Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық»
7. Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері мен шығармалары
8. Ж. Баласағұни «Құтты білік»
9. Олжас Сүлейменов «Аз и Я»
10. Илияс Жансүгіров, «Құлагер» поэмасы
11. Бауыржан Момышұлы «Ушқан үя»
12. Мағжан Жұмабаев Таңдамалы шығармалары
13. Шекспир «Ромео и Джульетта»
14. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы
15. Ш. Айтматов «Ақ кеме»
16. Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер»
17. Қорқыт ата «Қорқыттың нақыл сөздері»
18. И.С. Тургенев «Отцы и дети»
19. Ф.М. Достоевский «Преступление и наказание»
20. М.А. Булгаков «Мастер и Маргарита»
21. Ғабит Мүсірепов «Ұлан»
22. Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі»
23. Міржақып Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романы
24. Н.В. Гоголь «Ревизор»
25. Мұхағали Мақатаев Таңдамалы шығармалары
26. К. А. Йассауи «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы)
27. Бұқар жырау Бұқар жырау шығармалары.
28. Жамбыл Жабаев Өлеңдері мен дастандары
29. М.А. Шолохов «Тихий Дон»
30. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы
31. Сұлтанмахмұт Торайғыров Таңдамалы шығармалары
32. Мұхтар Шаханов «Өркениеттің адасуы»
33. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат»
34. А.С. Грибоедов «Горе от ума»
35. М. Дулатов «Оян, қазақ!»
36. Махамбет Өтемісұлы «Таңдамалы шығармалары»
37. Бейімбет Майлин «Шұғынның белгісі»
38. Әсет Хемингуэй «Старик и море»
39. Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы
40. А.Ахматова «Избранные стихотворения»
41. С.Есенин «Избранные», «Анна Снегина»
42. Асан қайғының шығармалары. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы.
43. Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейін»
44. Гете «Фауст»
45. Дефо «Робинзон Крузо»
46. Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен Аңыз»
47. Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» 5-том
48. Гомер «Одиссея», «Илиада»
49. Б.Л. Пастернак «Доктор Живаго»
50. Мұхтар Әуезов «Философия жайынан»
51. Сервантес «Дон Кихот»
52. М.Цветаева «Избранные стихотворения»
53. Қасым Аманжолов Таңдамалы шығармалары
54. Мұхтар Мағауин «Аласапыран»
55. Фариза Оңғарсынова Таңдамалы шығармалары
56. Т. Драйзер «Американская трагедия»
57. Тұманбай Молдағалиев Таңдамалы шығармалары
58. Конфуций «Лунь Юй»
59. Дулат Бабатайұлы «Өсиетнама» жинағы
60. Қаблеш Жұмділов «Тағдыр»
61. Хемингуэй «Прощай, оружие»
62. М.Ю.Лермонтов «Избранные стихотворения»
63. Әнуар Әлімжанов «Махамбеттің жебесі»
64. А.С. Пушкин «Борис Годунов»
65. В. И. Шукшин «Калина красная»
66. Ақтамберді XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы
67. А. П. Чехов «Чайка»
68. А. И. Островский «Бесприданница»
69. Сапарғали Бегалин «Шоқан асулары»
70. Иса Байзақов «Құралай сұлу»
71. Стендаль «Красное и черное»
72. Б.Ахматуллин «Избранные стихотворения»
73. Әбіш Кекілбаев «Үркер»
74. Ж. Молдағалиев «Жүректегі жазулар»
75. З. Каболов «Менің Әуезовім» роман
76. Дулат Исабеков «Тіршілік» повесі
77. Булат Окуджава «Избранные произведения. В двух томах»
78. Әзілхан Нұршайықов «Махабат қызық мол жылдар» романы
79. Тахауи Ахтанов «Шырағын сөнбесін»
80. Сәкен Жүнісов «Ақан сері» диалогия
81. Бердібек Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді»
82. А.П. Чехов Рассказы.
83. Софья Смағай «Елім-ай» трилогиясы
84. Оскар Уальд «Портрет Дориана Грея»
85. Хамит Ерғалиев «Құрманғазы»
86. Ф.И. Тютчев «На что вы, дни...»
87. Е.Евтушенко «Стихотворения»
88. И.А. Гончаров «Обломов»
89. Аристотель «Саясат»
90. О. Бөкеев «Атау кере»
91. Ә. Тәжібаев «Монолоттар»
92. Саттар Ерубаев «Менің құрдастарым»
93. Зейтін Ақышев «Жаяу Мұса» романы
94. Томас Мор, «Утопия»
95. Р. Рождественский «Избранные произведения»
96. А.Шопенгауэр «Мир как воля и представление»
97. Джек Лондон «Белый клык»
98. Сәкен Жүнісов «Аманай мен заманай» романы
99. Төлеген Айбергенов өлеңдері
100. Бексұлтан Нұржекеев «Бір өкініш бір үміт»

А.П. Чехов – әлемдегі ең ірі жазушылардың бірі, мықты прозашы, драматург. Оның асқан шеберлікпен жазылған тамаша көркем шығармалары адам баласы мәдениетінің алтын қорына қосылды. Чеховтің есімі орыс халқының ұлттық мақтанышы болған, орыс ойының тереңдігін, орыс сөзінің құдіреттілігін бүкіл әлемге әйгілеген кемеңгерлердің алдыңғы қатарында аталады. Антон Павлович Чехов 1860 жылы Таганрог қаласында туған. Болашақ жазушының балалық шағы да сол қалада өтеді. Чехов он алты жасқа келгенде оның үй іші Мәскеуге көшеді. Ал Антон Павлович гимназияны бітіргенше сол Таганрогта қалып қояды. Мещандық орта, гимназиядағы тәртіптің қаталдығы, тұрмыстың тапшылығы туған-туысқандарынан бөлініп жалғыз қалған жас Чехов үшін оңайға соқпайды. Бірақ ол барлығына да төзеді. Аңғарымпаз, зейінді бала айналасындағы өмірге, өзін қоршаған ортаға сын көзімен қарап өседі. Таганрог гимназиясын бітіргеннен кейін Антон Павлович Мәскеуге келеді. Мұнда ол университеттің дәрігерлік факультетіне оқуға түседі. Жас шағынан бастап-ақ көркем әдебиетпен, театрмен көп қызыққан, орыс және батыс жазушыларының шығармаларын көп оқыған Чехов енді өзі де шығарма жазуды ойлайды. Көркем әдебиетке деген бұрынғы құштарлық, әуестенушілік енді шығармашылық талаптануға ауысады. Сөйтіп, студент Чехов бір жағынан көркем әдебиетпен шұғылданады, сол кезде Мәскеуде шығып тұрған юморлық журналдар үшін сатиралық, юморлық шағын әңгімелер жазып тұрады. Алайда А. Чехов әрқашан сыншылар мен

әдебиетшілердің назарын өзіне аударып келсе де, оның шығармашылығының сыры әлі күнге шейін шешуі табылмаған жұмбақтай. Әрбір шығармасын оқыған оқырман өзіне беймәлім, әлі де ашылмаған тұстары бар басқа бір әлемге енгендей болады. Қаншама мақалалар, баяндамалар, кітаптар, монографиялар жазылып зерттелсе де, Чехов шығармашылығындағы түйткілі көп мәселелерді зерттеуде ортақ шешімге келу өте қиын. Сондықтан да болар бір шығарманың өзін қайталап оқыған сайын жаңа бір дүниемен танысқандай боласын. Ондағы айтылған ойды әр қырынан көресін.

Сондай бір шығармасының бірі – «Шағала» пьесасы. «Шағала» пьесасы 1896 жылы күзде театрда қойылады. Чеховтың бұдан бұрын да жазған пьесалары болғанымен, оларының барлығы да жазушы әңгімелерінің дәрежесінен төмен еді. Чеховтың драматургтік таланты өзінің данышпандық көрінісін тұңғыш рет осы пьесада тапты. Сюжетте әзіл болмаса да, автор оны комедия деп атаған. Надандық, ақымақтық, маңғаздану мен жауапсыз махаббат, адасқан жандардың зары, суицид. Пьесада орын алған бұл жағдайлар трагедияға көбірек жақын ба деп қаласыз. Меніңше, орыс классигінің өзі бұл пьесадағы кейіпкерлерге аяушылық білдірместен, шымылдықтың әр жағынан оларға күліп тұрғандай. Зілсіз. Жай ғана амалсыз күлкі.

Бұл пьесада Чехов өнер мәселесін көтереді, өзінің өнер туралы көзқарасын көркем образарқылы бейнелейді. Бұл пьеса жазушының эстетикалық принциптерін де айқын танытады. Пьесаның басты

кейіпкері актриса Нина Заречная өзінің шығармашылық ізденулері мен толғануларында талай қиыншылықтарға ұшырайды, тіпті сәтсіздіктерге де ұрынады. Бірақ ол мойымайды, өз шығармашылығының қайнар көзін де, тірегін де өмірден, шындықтан іздейді. Сондықтан да ол өз өнерінің биігіне көтеріледі. Өнердің қуаттылығы да, құндылығы да өмірден, шындықтан нәр алуға, соны шынайы бейнелеуде. Міне, Чехов пьесасының идеялық түйіні осы.

Өзінің бойындағы бар қуатын, ойы мен жігерін өнерге, театрға қайтарусыз берген Нина Заречнаяның образы – шығармашылық шарықтауды, шығармашылық ұмтылудың символы сияқты. Шағаладай самғап, биікке көтерілген ол түнекті, кедергіні жеңген өнердің жаны есепті.

Чеховтың «Шағаласы» театр сахнасында еркін қанат қаға алмады. Өйткені жазушының мейлінше новаторлық пьесасының сахналық лайықты көрінісін жасау ол кездегі театрдың қолынан келмеді. «Шағаланың» сахнада сәтсіздікке ұшырауы Чеховке ауыр соққы болып тиеді. А. П. Чехов өзінің тамаша шығармашылығымен дүниежүзі мәдениетінің асыл қазынасын молайтып, орыс ойының даңқын тереңдетте түсті. Оның әділетсіз дүниені сынаған, адамгершілікті, ізгілікті мадақтаған тамаша шығармалары ескірмей, әлсіремей, ғасырлар бойы жасай бермек.

Арайлым МАНАПБАЕВА,
қатты дене физикасы және
бейсызық физика
кафедрасының аға оқытушысы

Драматургия Чехова

Недавно я решила перечитать пьесу «Чайка» знаменитого писателя Антона Чехова. В этот раз после прочтения на меня нахлынули совсем иные чувства. Первый раз пьеса читалась в 10 классе. Это было по школьной программе. И моей целью было быстрее прочитать и сдать учителю. Тогда я не понимала о чем шла речь. Но теперь, осознав весь смысл текста, пьеса произвела большое впечатление. Такого я не ожидала. Очень интересно было читать, наблюдать за поведением и слушать разговоры героев. Да, судьба героев многих печальна. Очень рада за Машу. Вот, все равно в выборе мужа и отца ребенка необходимо, кроме обычных чувств «люблю, жить не могу», подходить и с обычным житейским расчетом. Маша в этом как раз показатель, в отличие от «Чайки» Нины. Следует внимательно прочитать, жанр пьесы сложен для восприятия, но, отбросив все трудности, стоит заметить, что пьеса великолепна!

Пьеса «Чайка» А.П. Чехова – одна из самых глубоких в его драматургии. Это комедия, но в ней нет смешных сцен, курьезных случаев, веселых героев. Конфликт «Чайки» – в столкновении поколений, он построен на контрасте, с одной стороны, маститые и уверенные в себе Аркадина и Тригорин, а с другой – молодые, неопытные, непризнанные Треплев и Заречная. Автор подчеркивает то, что молодые бросают вызов известным, а в такой ситуации трагический конец неизбежен, он предрешен.

Чехов начинает свое произведение с того, что приводит разговор двух второстепенных персонажей – учителя Семена Семеновича Медвенко и молодой девушки Маши. Объявляется, что вскоре будет гроза, при этом учитель объясняется в любви Маше и параллельно рассказывает ей о своей бедности.

Последнее, конечно, ирония. Ведь одновременные признания в любви и в бедности несовместимы. Но суть разговора заключается не в этом, а в том, что «жених» говорил «невесте» об обычных и естественных вещах (о том, что ему трудно живется), а та отвечала, что все это ей неинтересно, т.е. – это обычное и естественное, совсем не то, что ей надо. Таким образом, Чехов с первой же страницы дает понять, что в пьесе, которой вот-вот предстоит случиться, речь будет идти о том, что естественно, и о том, что неестественно.

Мы с детства привыкли к Чеховским заглавиям и порою не замечаем, что уже в них не только обозначен объект изображения, но и дана авторская оценка. В интонации Чеховских заглавий выражается отношение писателя к изображаемому. Что такое «чайка» в одноименной пьесе Чехова, какое место этот образ занимает в произведении? Чайка – это убитая Треглевым из ружья птица и записанный Тригориним сюжет для небольшого рассказа. Это и сама Нина, сначала соединившая себя с образом убитой чайки, а затем нашедшая свою дорогу. Это в какой-то мере и Треглев, вначале мечтавший о большой любви и славе, а в конце застреливший себя из того же ружья, из которого он когда-то убил чайку. Это обобщающая идея пьесы и порыв в будущее.

Асылы Талбаева,
студентка 2 курса факультета
филологии, литературоведения и мировых языков

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар Мұқашев

Қытайтану кафедрасы, Шығыс мұражайы және факультеттің «ҚазҰУ түлектері қауымдастығы» өкілдігі ұжымы бірлесіп «Ұлы Жібек жолы ізімен» атты тақырыпта ғылыми семинар өткізді



Айдан Нәлгәев – Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, филология, әдебиеттану және өлең тілдері факультетінің, 4-курс студенті. 1993 жылы 30 қарашада БҚО, Ақжайық ауданы, Жидан Молдағалиев ауылында дүниеге келген.

Айлақтық, республикалық, жыр байқауларының жеңімгері. Атап айтқанда, Мәжән Жұмадәстін, 120 жылдығына орай өткізілген республикалық ақындар мұшайрасында 3-орынды, Қардыр Мырза Әлидің 75 жылдығына арналған мұшайрада жеңімді 3-орынды иеленген. Қызылорда, 70 жылдығына арналған мұшайрадан жеңімді 3-орынды иеленген. Қызылорда, 70 жылдығына арналған мұшайрадан жеңімді 3-орынды иеленген.

«Ақжайық ақындары» альманагына өлеңдер топтамасы енген. Жырлары республикалық мерзімді баянсаз беттерінде жарияланған тұрады.

**АНКАРАҒА ХАТ...
(АЙДАРХАН ҰЛЫНА)**

Сен өзгенің сертінде кеттін... сор-ай...
Көз жасыңды көруге бармай дәтім,
Өз жасымды өлеңге төктім солай....

Мандайыма бағым болып қондың дәл.
Өткеніміз өкпені артып, қол бұлғар,
...Бізді де алғаш кезіктіріп көктемде,
Ен соңғы рет қоштастырған сол бульвар...
Артымыздан дұға қылған күз қайтер,
Бал шағымыз қала ма енді аңыз боп?
Қайдағыны шығарамыз біз де әйтеу,
Бақытсыздар қаласынан бақ іздеп.

Сенсіз жүрген жолдарымның құр бөрі,
Айтылмады сырларымның қаншасы...
Ашылмаған әлемімнің — жұмбағы,
Жазылмаған жырларымның — ханшасы...

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ҒАЗАЛ

Тағдыры жатқан түріктің тарғы тасында,
Ұлы Даланың ғұрпы бар әр қыркасында,
Аруым аз ба Алаштың айбынын бермес,
Арыстан жалды ерлердей сан бұрқасында?!

Шақырғанда ұран ұлт болып ұлар шындарда,
Қанды нала үшін қасқайып тұрар сындарда,
Жым-жылас құрып ұзамас жауынан да анық,
Сертінде сенің, қадірлім, ұғар сыр бар ма?!

Дауы көп екен демесін, жауы көп екен,
Сауығы бөтен жан емен, қауымы бөтен,
Қаланың жүзі қарайып толғанда арысыңға,
Даланың қызын көремін сауыты бекем.

Өтіңде жаудың өшігіп жөн емес өлу,
Өткеннің паркын керек те өреге салу,
Құзғын қабакқа қас көрген қарайлап жүріп,
Сайламап па еді қанжарын Томирис ару?!

Көрсетсем бүгін өткеннің көрін аршып мың,
Айтылар сынның көбісі жөні қарсы ұқтым,
Намысы болып қазақтың шайқаста зұлмат,
Атылған шығар кешегі оғы Мәншүктің...

Ағынан бұлай жарылса жүрек кейде шын,
Ақын да жырын қалады түлетпей несін?!
Шұғыла тұнған ғаламнан адасып қалмай,
Қарашық талмай іздедім Жібек бейнесін.

Кеудеге сурет салдырған әнмен мұң сінді,
Бейненді көріп пақырын әрмен күрсінді,
Сен әлі жерде жүр ме едің Ләйләсі өленнің,
Таба алмай, сөйтіп, жер-көктен дәрмен қымсынды.

Көмескі жырдың тарқатпас тиегін бұлай,
Шайыр боп сүйдім, білмеймін, қиелімді қай?!
Көркемнің бәрін көзімнен қалқалап тұрып,
Танытқан болам, тәйірі, жиі мұндай рай.

Еркелік болар аққудың сұңқылында аққан,
Жырым ба ең талдың бүрінде кірпігін қакқан?!
Сұлулық біткен бойына төгілсе көктен,
Бұлқынып менің кеудемде құлқыным жатқан.

Жұпарынан бір жаныңның бұлбұл да балқып,
Болғаны-ау, сірә, көк асты бұл қырда барқыт.
Көрік те мінез құмынан қасиетті елдің,
Қылықты қызын өсірген жұртымда бар құт.

Алжаспай қалар, қалайша, ақылдан серің,
Кетсе егер кеше ханнан — бас, батырдан — сенім?!

Ғажап қырмызы гүлдердің көркемі ең өзің,
Қазақтың қызы, айналдым атыңнан сенің!

Дайындаған:
Гүлмира ҚАЗЫБЕК

Тіліміздің тарихы терең

Уақыт құбылмалы құбылыс. Сол уақыт белеңінде жасайтын қоғамдағы тілдің дамуы да айнымалы, өзгермелі дүние. Кейде кешегі дұрысың уақыт өте келе бұрысқа айналуы, кешегі бұрыс деп бағаланған дүниең дұрысқа айналып, алдыңнан шығуы тарихи заңдылық. Бұл тұрғыда айтпағымыз тіліміз көне бастауын сонау ежелгі түркі жазулары – VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастау алады. Бұл дәуірлерден кейін де талай тар қыспақтардан өте жүріп, өсе берді.

Қазіргі таңда тіліміздің көне тарихына үңілу жанарған уақыт биігінен қарап, жаңаша бағалауға итермелері хақ. Бүгінгі таңда қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Тіліміз әлемдегі ең бай 15 тілдің ішіндегі сөздік қоры, лексикалық бірлігі жағынан үздік 12-орыннан көрінген екен. Тіліміздегі 24,5 мың фразеологиялық бірлік пен 67 мың тізімдік сөз, барлығы 91,5 мың он томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұған дәлел. Кешегі кеңестік кезеңде тілінің, мәдениетінің, тарихының тамыры жоқ деп бағаланған, бай мұрасы жоққа шығарылған халқымыз бұратана ел атанды. Орта ғасырдағы «Диуани лұғат ат-түрік», «Құдағду білік», «Диуани хикмет» еңбектері түгелдей зерттелмей, жабық деңгейде қарастырылған болатын. Бұл тәсіл сол кезең сол жүйе үшін өте тиімді болатын. Себебі сақтардың салтын, ғұндардың ғұрпын ұстанған халқымыздың халық ауыз әдебиетінің бай сарқылмас мұраларының өзі сол кезеңнің құрбаны бола жаздап оралуы арнасын жоғалтып, қайта тапқан бұлақ десе болғандай еді.

Қазіргі таңда көптеген зерттеуші ғалымдар жазба әдеби тіліміздің тарихын Алашорда кезеңімен тікелей байланыстырады. Әсте олай емес, сонда XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген кемеңгер Ш. Уәлиханов, дана Абай, ағартушы ұстаз Ы. Алтынсариннің еңбектері ескерілмей ме?! Бұл тұрғыда ортақ ой ұстаным керек секілді. Айтпағым — тіліміздің тарихы терең. Ежелгі жазба мәдениетін қалыптастырып, түпкі түрін сақтай алған. Сөйлеу тілі, формалары жетілген. Демек, тіл бұл тұрғыда бір ғана жағдайда сақталары анық. Ол — ұлттың деген ұлан мен халқың деген қаламгердің тілімізге тереңнен жаны ашуы. Өркениетті елдерде тіл тағдыры көп жағдайда бұқараның белсенділігімен, биліктегі азаматтардың ұлтжандылығымен көрініс тауып жатады. Біз де осы дәрежеге жетіп жатсақ, Елбасымыз айтқан «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген қанатты сөзін толық құптаған боламыз.

Сүйінбай ОКТЯБРЬ,

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің магистранты

Хранилище знаний



Досқан Балабекұлының фотосы

Библиотека Аль-Фараби, построенная на территории студенческого городка КазНУ к его восьмидесятилетию, стала самым настоящим символом образования.

На протяжении долгих веков человечество накапливало знания, которые сначала передавались из уст в уста от старшего поколения к младшему. Но с изобретением письменности информация приобрела возможность передаваться посредством камня, глиняной дощечки, пергамента и, наконец, бумаги. В книгах заключается вся мудрость, которую удалось постигнуть умнейшим людям своего времени. Они запечатлели свои мысли в книге, сделав их вечными, отправив своё благое послание в будущее.

Библиотека КазНУ всегда была одной из самых передовых в Казахстане. Ещё с советских времён сюда начали стекаться книги различных авторов и тематик со всех уголков СССР. Год за годом собиралась огромная, массивная коллекция книг, классических и современных, советских и иностранных, редких и популярных. Ни один университет Казахстана не может похвастаться таким потрясающим множеством бумажных учителей.

"Не суди книгу по обложке", — гласит старая добрая поговорка. Но библиотека Аль-Фараби, помимо ценного содержания, может гордиться ещё и великолепной облицовкой. В изящном воплощении оригинальной инженерной мысли каменные, гранитные, мраморные блоки слились воедино, образовав прочный комплекс, оболочку храма знаний, под стенами которого веками, тысячелетиями будут заботливо храниться для страждущих бесценные сокровища.

А.Х. САДЫКОВ,

студент 3 курса физико-технического факультета

Жалғасы. Басы 1-бетте

СТУДЕНТТЕР КЛУБЫНА МҮШЕ БОЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!



ҚАЗҰУ-ДЫҢ СТУДЕНТТЕР КЛУБЫ:

- түрлі жанр мен бағыттағы 10 жалпыуниверситеттік студенттер үйірмелері,
- репертуарында 500-ден аса концерттік нөмірлері бар;
- жыл сайынғы қалалық және республикалық деңгейдегі студенттік фестивальдер лауреаттарының мекені.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында дәстүрлі «1 курс таланттары», «Студенттік көктем», «Ана тілі аруы», «Жігіт сұлтаны», «ҚазҰУ аруы», т.б. байқаулар мен фестивальдер, студенттік халықаралық форумдар, т.б. өткізіледі.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы студенттер өнерін шындайтын құтты мекен.

Студенттер клубында «Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрі, «Бақыт» би ансамблі, «БІЗ» студенттік театры, Эстрада және вокал, Домбыра және қобыз, «Дәстүрлі ән», «Жас ақындар», «Хор» үйірмелері және Көңілді тапқырлар клубы жұмыс істейді.

Студенттер клубында жастарға өз дарындарын шындай отырып, жан-жақты ашылуына жағдай жасалған. Студенттер клубы бірнеше бағытта жұмыс істейді: халықтық, қазіргі заманғы өнер түрлері, түрлі деңгейдегі байқаулар, сайыстар, кештер, акциялар, мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлердің, шетел қонақтарының ҚазҰУ-ға сапарлары, т.б.

Студенттер клубында 10 үйірме, 14 қызметкер жұмыс істейді. Әртүрлі үйірмелерде 800-ден астам студент мүшелік етеді. Студенттер клубындағы әр үйірменің өзіндік мақсаты, міндеттері бар. Үйірме жетекшілері арнайы музыкалық білімі бар кәсіби мамандар.

Студенттер клубы – студенттердің бос уақытын тиімді пайдалануына және біліммен қатар өз шығармашылығын шыңдауға, студенттердің болашақта үлкен сахналарға шығуына мүмкіндік беретін ҚазҰУ-дың рухани ортасы.

СТУДЕНТТЕР КЛУБЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні	Қызметі	Жұмыс орны, күні, уақыты	Байланыс телефоны
1	Канафьева Шынар Ерланқызы	Студенттер клубының жетекшісі	дүйсенбі-жұма 9.00-18.00 312 бөлме	+77012497888
2	Әмірханов Болатқали Қажыбекұлы	«Фараби сазы» ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-18.00 313 бөлме	+77028713530
3	Есмұхамбетова Ғалия Асанғазықызы	«Бақыт» би тобының жетекшісі	дүйсенбі-жұма 16.00-21.00 Экономфак, би залы	+77013286931
4	Кәдірбаев Нұрхан	«Біз» студенттер театрының режиссері	дүйсенбі-жұма 10.00-19.00 Рухани орталық	+77012497888
5	Сейдахмет Шаһаризат	Дәстүрлі ән үйірмесінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-19.00 312 бөлме	+77012497888
6	Сванбаева Зигта Әбділдақызы	«Домбыра» және «Кобыз» үйірмесінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-18.00 313 бөлме	+77028903738 +77071069522
7	Оспанов Қайыржан Бақытбекұлы	«Эстрада» және «Вокал» үйірмесінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-19.00 Рухани орталық	+77072101747
8	Курмангазиева Саида Бақытжанқызы	«Хор» үйірмесінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-19.00 Рухани орталық	+77078537545
9	Байбосынов Дастан	«Көңілді тапқырлар клубы» үйірмесінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-19.00 Рухани орталық	+77027309710
10	Ақан Марғұлан	«Жас ақындар» үйірмесінің жетекшісі	дүйсенбі-жұма 10.00-19.00 312 бөлме	+77756127545

Ескерту: Дайындық кестелері студенттердің сабақ кестесіне орай ыңғайлы уақыттарға қойылып ауысып тұрады.

Студенттер клубының жетекшісі Ш. Е. Канафьева



РЕДАКЦИЈАДАН:

Жаңа оқу жылындағы газетіміздің алғашқы санынан бастап студенттерге, оның ішінде ҚазҰУ табалдырығын аттаған 1-курс тәлімгерлеріне арнап арнайы материалдар сериясын дайындауды мақсат еттік. Өткен санда Сіздерді «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының қызметімен кеңінен таныстырған болатынбыз. Осы санда назарларыңызға Студенттер клубы жайлы ақпаратты ұсынып отырмыз.

Келешекке бағыт берген кездесу

15 қыркүйекте ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде «Азаттық» халықаралық радиосының бас директоры Төреқұл Дооров пен Қазақстандағы ресми өкілі Қуанышбек Қаримен кездесу өтті

Кездесуді ұйымдастырушы факультет деканы С. Медеубек қонақтарды жиналған қауыммен таныстырса, деканның ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі орынбасары Қ. Мысаева «Азаттық» радиосының халықаралық стандарттарға сай ақпарат тарату ерекшеліктерін айта келіп, бұл кездесудің негізгі мақсаты мен міндетіне тоқталды.

Бұл жүздесуде «Азаттық» халықаралық

радиосының тарихы мен бүгіні, болашағы, азат елдің жағдайы, ең бастысы өскелең ұрпақ парызы сөз етілді.

Аталмыш радионың бас директоры, журналистің басты қасиеттері мен радиодағы жұмыс барысын баяндады, сонымен қатар журналистерге қойылатын бүгінгі талап «әмбебаптық» пен ақпаратты «бейтараптық» қағидасына сай тарату қажеттігін ерекше атап өтті. «Егер менен

«Азаттық» халықаралық радиосының логотипін сұраса, ойланбастан тең тұрған таразыны салар едім. Өйткені радионың басты мақсаты – теңдік пен әділдік. Ол дегеніміз оқиғаны баяндау, екі тараптан да сұхбат алу, бейтарап ақпарат ұсыну. Ал дұрыс-бұрысты анықтау, нағыз әділ қазы – халық», – деді Қуанышбек Қари. Сондай-ақ қонақтар журналистік этикалық кодекс пен журналист қауіпсіздігі тақырыбын қозғады. Төреқұл Дооров мырза: «Ақпарат қаншалықты құнды болса да, ол адам өмірінің құнына тең емес!» – дегенді қадап айтып, журналист өз қауіпсіздігін

ұмытпауын ескертті.

«Нағыз кәсіби журналист қандай болуы керек?» – деген студент сұрағына радионың бас директоры: «Журналистке бастысы талант, өзіндік идея, ерекшелік, өзгеше ой және жоғары кәсіби біліктілік қажет», – деп жауап қатты. Сонымен қатар ол азат елдің дауылпазы болған радионың есігі ізденген жас үшін әрдайым ашық екенін және болашақта әртүрлі байқаулар ұйымдастырып, тығыз қарым-қатынаста боламыз деген жылы лебізін білдірді.

Мен үшін бұл жай жүздесу емес, кәсіби бағытымды айқындатқан, ұран етер ұстанымымды қалыптастырған және ақпаратқа толы, кемел ой тастаған сәт болды.

Гүлімжан АЙТБАЙ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАҢГЕЛЬДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гульмира БЕКБЕРДИЕВА, Айгерім ИМАҢГАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжайы: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 1186

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.